



Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі

11 нұсқа  
2019ж.

ҚҚЭУ - МИ - 94-2019


Бекітемін  
Қарағанды экономикалық  
университеті  
Қабылдау комиссиясының  
Төрағасы, э.ғ.д., профессор  
Е.Б.Аймағамбетов  
2019 ж.



Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне  
2019 жылы оқуға қабылдау  
Ережелері

ҚҚЭУ-ӘН-94 -2019

ҚАРАҒАНДЫ 2019

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	11 нұсқа 2019ж.
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

## **1.Қарағанды экономикалық университетіне қабылдау Ережелері**


1. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне қабылдау «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес 2019 жылдың 14 маусымында енгізілген № 269 өзгерістермен, 2018 жылдың 31 қазанында шыққан Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрінің №600 бұйрығымен бекітілген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелеріне (бұдан әрі – Үлгілік Ережелер) сәйкес жүргізіліп, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

2. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне оқуға түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

3. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

4. Жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас мамандықтарына қысқартылған оқу мерзімін көздейтін оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім грантын беру конкурсына қатысуға және (немесе) ұлттық ЖОО ақылы оқуға ниет білдірген орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар, ҰБТ нәтижелері бойынша – кемінде 65 балл, «Педагогикалық ғылымдар», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша–кемінде 60 балл, басқа ЖОО – кемінде 50 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру саласы бойынша – кемінде 65 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейінді пәннен кемінде 5 балл алуы қажет, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсетіндерді санамағанда.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсетін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысуға және (немесе) ұлттық ЖОО ақылы оқуға ниет білдірген орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттарын қоспағанда, ҰБТ және

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша – кемінде 65 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 60 балл, басқа ЖОО – кемінде 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 60 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алуы қажет.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерді қоспағанда, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім грантын беру конкурсына қатысуға ниет білдірген, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде жалпы бейінді пәннен – кемінде 5 балл және арнайы емтихан бойынша кемінде 5 балл алуы қажет.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, ҰБТ-дан өткен және республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім грантын беру конкурсына қатысуға ниет білдірген, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ҰБТ және шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, оның ішінде шығармашылық емтиханнан – кемінде 5 балл және арнайы пән бойынша- кемінде 5 балл алуы қажет.


5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

ҚҚЭУ-ге «Орта буын маманы» немесе «Қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғаларды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде қабылдау ҚЭУ-дің Қабылдау комиссиясымен сұхбаттасу арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтар сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдары білім беру саласындағы уәкілетті органымен бекітіледі.

Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалар тобы бойынша жоғары білімі бар тұлғаларды қабылдау сұхбаттасу түрінде Қабылдау комиссиясымен жүзеге асырылады.

6. Шетел азаматтарын ақылы негізде ҚҚЭУ қабылдау Қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын іске асырылады.

7.ҚҚЭУ түсетін тұлғаларды қабылдау Бірыңғай ұлттық тестілеудің (ҰБТ) нәтижелері бойынша берілген сертификаттың балдарына сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

## **2. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі**

8. Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалар топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.


9. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін ҚҚЭУ басшысының шешімімен емтихандарды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына профессор-оқытушылар қатарынан ЖОО өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыттарының шығармашылық емтихандары бойынша комиссия құрамына уәкілетті орган ұсынған тиісті бейінді білімі бар, мәдениет және спорт саласындағы жергілікті өкілдер кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссияның төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса, заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

10. Осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар білім беру бағдарламалары топтарының Тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өткізіледі.

Арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін ҚҚЭУ Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатты(түпнұсқа);
- 2) өлшемі 3 x 4 - 2 фотосуретті;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) ҰБТсертификатын (бар болса);

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

5) 2014 жылғы 3 шілдеде шыққан «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтардың және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса).

11. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау өздері таңдаған ЖОО-да **күнтізбелік жылғы 20 маусымнан 7 шілдеге дейінгі аралығында** жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан **күнтізбелік жылғы 8-13 шілде** аралығында өткізіледі.

12. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсетін тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсетін тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Үлгілік Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

13. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнайы емтихан өткізу **күнтізбелік жылғы 20 маусым –14 тамыз** аралығында **ҚҚЭУ-де** жүзеге асырылады.


14. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсушілер өздері таңдаған ЖОО-да шығармашылық емтихандарын тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар түсушілер үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындығын талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалар тобына түсушілер үшін арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

15. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша ҚҚЭУ-ге түсуші тұлғалар университеттің Қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнайы емтихан **тапсырады**. «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша ҚҚЭУ түсушілер үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейінді пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	11 нұсқа 2019ж.
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

салалары бойынша ЖОО-ға түсушілер үшін жалпыкәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

16. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламалары әзірленіп, оларды ҚҚЭУ-дің Қабылдау комиссия төрағасы бекітеді.

17. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу түрі, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

18. Оқуға түсуші арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне- және видеозажабалармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

19. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріліп, бірінші (титулдық) парақты рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

20. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.


Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

«Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға түсушілер үшін арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

21. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен, арнайы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомостімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді де, Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

22. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

23. «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» білім беру салалары бойынша арнайы емтиханның нәтижелеріне сәйкес оқуға түсушіге қабылдайтын ЖОО-ға ұсыну үшін бағалау ведомостіден үзінді беріледі.

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	11 нұсқа 2019ж.
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖОО-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостіден үзінді беріледі.

24. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір ЖОО басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

25. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданып, апелляциялық комиссия өтінішін бір күн ішінде қарайды.

26. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

27. ҚҚЭУ Қабылдау комиссиясы арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен білім грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде ҚҚЭУ-ға оқуға қабылдау үшін арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі **Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне тапсырады.**


### **3-тарау. ҰБТ өткізу**

28. ҰБТ:

1) Қалауы бойынша ақылы негізде ЖОО-ға қабылдану үшін орта білім ұйымдарының 11 (12) сыныптарының оқушылары үшін ;

2) Орта білім беретін ұйымдардың ағымдағы жылғы түлектерге Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім грантын алу конкурсына қатысу немесе оларды қалауы бойынша ЖОО-ға ақылы негізде қабылдау үшін немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыту үшін;

3) Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім грантын алу конкурсына қатысу немесе қалауы бойынша ЖОО-ға ақылы негізде қабылдау үшін орта білім беретін ұйымдардың, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар өткен жылдардың түлектері үшін;

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	11 нұсқа 2019ж.
	<b>ҚКЭУ - МИ - 94-2019</b>	

4) Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша білім грантын алу конкурсына қатысуға ниет білдірген техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар түлектер үшін;

5) Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаттары есебінен білім грантын алу конкурсына қатысуға немесе ЖОО-ға ақылы негізде қабылдану үшін ниет білдірген оқушылармен халықаралық алмасу бағыттары бойынша шетелде оқу орындарын бітірген түлектер үшін, сонымен бірге оқу орнын шетелде аяқтаған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып саналмайтын ұлты қазақ тұлғалар үшін;

6) Бірінші академиялық кезеңді бітіргенге дейін ЖОО ақылы негізде күндізгі оқу түрі бойынша қабылданған тұлғаларды ақылы түрде ЖОО қабылдау үшін;

7) Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалардың тобы бойынша ЖОО оқитын, бірақ білім беру бағдарламаларының басқа топтарына ақылы негізде ауысқысы келген білім алушылар үшін өткізіледі.

Оқуға түсушілер ҰБТ қалауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде тапсырады.

ҰБТ ағылшын тілінде тапсыратындардың қалауы бойынша Қазақстан тарихы бойынша тестілеу қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі. ҰБТ ағылшын тілінде тапсырған түсушілерді ЖОО-да оқыту тілі Қазақстан тарихы бойынша тестілерді тапсырған тіліне сәйкес анықталады.

ҰБТ екі блок бойынша өткізіледі:


- 1) 1 блок – Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі);
- 2) 2 блок – 2 бейінді пән.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас бағыттарға оқуға түсушілердің қалауы бойынша жалпыкәсіптік және арнайы пәндер бойынша ҰБТ қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

29. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерді санамағанда, орта және техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар түлектер үшін ҰБТ тестілік тапсырмалар саны:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша – 20;
- 2) математикалық сауаттылық бойынша – 20;
- 3) оқу сауаттылығы бойынша – 20;
- 4) бірінші бейінді пәні бойынша – 30;
- 5) екінші бейінді пәні бойынша – 30 құрайды.



	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	11 нұсқа 2019ж.
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

30. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ҰБТ тестілік тапсырмаларының саны:

- 1) жалпыкәсіптік пәні бойынша – 20;
- 2) арнайы пәні бойынша – 40 құрайды.

31. Шет тілін жалпыеуропалық біліктіліктерге ( стандарттарға) сәйкес меңгеруін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша бейінді пәнді немесе ағылшын тілінен «Шетел тілі (ағылшын тілі)» арнайы пәнді тапсырудан босатылады: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) – 310 балдан кем емес), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – 79 балдан кем емес), (TOEFL (ТОЙФЛ) шекті балл – 567 балдан кем емес), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – 6.0 кем емес).


Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын) бойынша тестіні тапсыру туралы сертификаттардың біріне ие тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім грантын алу конкурсына қатысу үшін өтінішті беру кезінде , сонымен бірге ЖОО -ға ақылы негізде қабылдану үшін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін 40 балл; қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін -50 балл есептеледі.

32. Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін оқуға түсуші университеттің Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) бекітілген үлгі бойынша өтінішін;
- 2) өлшемі 3x4 - 2 фотосуретті;
- 3) жалпы орта білімі туралы аттестатын, техникалық және кәсіптік білімі туралы дипломын, орта білімнен кейінгі білімі туралы дипломын (түпнұсқасын);
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 5) 086 үлгідегі медициналық анықтаманы;
- 6) тестілеуге қатысқаны үшін төлемі туралы түбіртегін.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ;ұйымдардың күнтізбелік жылғы тұлғалары техникалық және кәсіптік білімі туралы дипломның немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы дипломның орнына бекітілген формасы бойынша оқыту мамандықтың (біліктіліктің) коды мен атауы көрсетілуімен ол оқыған білім беретін ұйымы берген ағымдағы жылы оқуын аяқтағаны туралы анықтаманы табыстайды.

33.Күндізгі оқу түрі бойынша ақылы негізде ЖОО қабылданған

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

тұлғалар ҰБТ қатысу үшін **бірінші академиялық кезеңнің аяқталуына дейін** келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) бекітілген үлгі бойынша өтінішін;
  - 2) өлшемі 3 x 4 - екі фотосуретті;
  - 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
  - 4) тестілеуге қатысқаны үшін төлемі туралы түбіртегін.
34. ҰБТ өткізу мерзімдері.

ҰБТ қатысу үшін өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) Осы Ережелердің 28 тармағының 1), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы желтоқсанның 1-нен 15-не дейін;

2) Осы Ережелердің 28 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы ақпанның 1-нен 15-не дейін;

3) Осы Ережелердің 28 тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы 1сәуірден 10 мамырға дейін;

4) Осы Ережелердің 28 тармағының 5) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы 10 мамырдан 5 маусымға дейін;

5) Осы Ережелердің 28 тармағының 2), 3), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы 25 шілдеден 3 тамызға дейін.

35. ҰБТ-ң бейінді пәндерін көрсетуімен университеттің білім беру бағдарламаларының тізбесі осы Ережелердің 3 қосымшасында берілген.

36. Ұқсас мамандықтарға түсушілер үшін жалпыкәсіптік және арнайы пәндерді көрсетуімен университеттің білім беру бағдарламаларының тізбесі осы Ережелердің 4 қосымшасында берілген.

37. ҰБТ бойынша балдардың ең жоғары саны – 140 балл.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобына түсушілер үшін ҰБТ балдарының ең жоғары саны – 120 балл.


38. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша түсушілер үшін ҰБТ балдарының ең жоғары саны – 70 балл.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін және шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін ҰБТ бойынша балдардың ең жоғары саны -70 балл.

39. ҰБТ-ға 3сағат 50 минут беріледі. Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша түсушілер үшін ҰБТ-ға 1 сағат 40 минут беріледі.

**40. ҰБТ келесі мерзімдерде өткізіледі:**

1) Осы Ережелердің 28 тармағының 1), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы қаңтардың 15 –нен 20-на дейін;

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

2) Осы Ережелердің 28 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы наурыздың 24-нен 29-на дейін;

3) Осы Ережелердің 28 тармағының 2), 3), 4), және 5) тармақшаларында көрсетілген күнтізбелік жылғы 20 –шы маусымнан 5-ші шілдеге дейін;

4) Осы Ережелердің 28 тармағының 2), 3), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар үшін күнтізбелік жылғы тамыздың 17-нен 20-на дейін.

Бес жауаптан бір дұрыс жауап таңдалған әр тестілік тапсырма - 1 балмен бағаланады, көп ұсынылған жауаптардан бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдалған тестілік тапсырма - 2 балмен бағаланады.

41. Оқуға түсуші апелляцияға өтініш бере алады. Апелляциялық комиссия әр базалық ЖОО құрылады. Тестілік тапсырмалардың мазмұны және техникалық себептер бойынша даулы сұрақтарды Республикалық апелляциялық комиссия қарайды.

42. Білім гранттарын алу конкурсына қатысу үшін өтініштер **2019 жылғы шілденің 13-20 дейін** қабылданады.

43. Білім гранттарын алу конкурсына қатысу үшін оқуға түсуші университеттің Қабылдау комиссиясына тапсырады:

- бекітілген үлгі бойынша өтінішін;
- білімі туралы құжатын (түпнұсқа);
- ҰБТ сертификатын;
- өлшемі 3x4 2 фотосуретті;
- 086 үлгідегі медициналық анықтаманы;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін.

Білім гранттары ҰБТ сертификатының балдарына сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша беріледі.


Білім беру бағдарламаларының тобы бір немесе бірнеше білім беру бағдарламалардан тұрады. Білім беру бағдарламалардың 97 тобы бар. Бейінді пәндер сәйкес келген кезде білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін таңдау мүмкіндігі беріледі.

44. Білім грантын алуға басым құқығы бар оқуға түсушілер университеттің Қабылдау комиссиясына осы құқықты растайтын құжатты тапсырады.

#### **4. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне оқуға қабылдау**

45. Университетке оқуға қабылдауды ҚҚЭУ-дің Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдағы тамыздың 10-нан 25-не дейінгі кезеңде ҚҚЭУ ректорының бұйрығымен жүргізеді..

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беретін білім грантының иегерлері, сондай-ақ азаматтардың өз

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	11 нұсқа 2019ж.
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

қаражаты және өзге де көздерден оқу ақысын төлегендер, **білім беру бағдарламаларының тиісті топтарынан білім беру бағдарламасын таңдайды.**

46. Оқуға түсушілер ҚҚЭУ-дің Қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішке мынадай құжаттарды тіркейді:

- орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатты(түпнұсқа және көшірмесін);
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- өлшемі 3x4 6 фотосуретті;
- 086-У үлгідегі медициналық анықтаманы;
- ҰБТ сертификатын(бар болған кезде);
- ведомостіден көшірме-үзіндіні (арнайы және(немесе) шығармашылық дайындықты қажет ететін, жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету(медицина) білім салалары бойынша оқуға түсушілер үшін);
- білім грантын беру туралы куәлікті(ол бар болған кезде);
- Ф-063 профилактикалық егілу картасының көшірмесін (бозбалалар үшін).


47. Орта, техникалық және кәсіптік білімі немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар, жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсетін, қысқартылған оқыту мерзімін көздейтіндерді қоспағанда, осы Ереженің 4-тармағында белгіленген (ҰБТ нәтижелері бойынша) шекті балды ала алмағандар, ҚҚЭУ-ге бірінші академиялық кезең аяқталғанға дейін ақылы негізде күндізгі оқу түрі бойынша оқуға қабылданады.

ҚҚЭУ-де 1(бірінші) академиялық оқу кезеңін аяқтағаннан кейін, аталған тұлға 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген, Бірыңғай ұлттық тестілеу өткізудің Ережелеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде қайыра ҰБТ тапсырады.

48. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет есебінен жоғары білім беретін білім грантын беру туралы куәлік алған тұлға, куәлікте көрсетілген ЖОО-ға қабылдау туралы өтініш береді және ЖОО жетекшісінің немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Жоғары білім беретін шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім гранттарының берілгені туралы куәліктердің иегерлері, олар шығармашылық емтихандар тапсырған ЖОО-ға оқуға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсетін Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тәртіпте кем дегенде 3(үш) жыл еңбекпен өтеу туралы шарт жасайды.

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

49. Ағымдағы жылғы орта немесе техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білімі бар, № 204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ тапсырған және осы Үлгілік ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балды алған тұлғалар, жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім туралы құжат алғанға дейін ақылы негізде оқуға қабылдау туралы ҚҚЭУ ректорының атына өтініш береді.

Бұл ретте орта білім беру ұйымының 11(12) сыныптарда оқитын білім алушылар күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 25 тамызына дейінгі кезеңде, жалпы орта білімі туралы құжат алғанға дейін ақылы негізде оқуға қабылдау туралы ҚҚЭУ ректорының атына өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білімі туралы құжат алғаннан кейін, оқуға түсушілер осы Ереженің 46-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

50. Осы Ереженің 47-тармағында көзделген ҰБТ нәтижелері бойынша, осы Ереженің 4-тармағында белгіленген шекті балды алған тұлғалар, ақылы негізде оқуға қабылдау туралы ҚҚЭУ ректорының атына өтініш береді.

Өтінішке уәкілетті тұлға қол қойған және мөр басылған ҰБТ сертификаты, транскрипт көшірмесі тіркеледі.

51. Оқуға қабылдау жоғары білім білім беру бағдарламалары және тілдік бөлімдер бойынша бөлек жүргізіледі.

Солар үшін шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білім білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін, жоғары білімді кадрлар даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша балдарды ескере отырып жүргізіледі.


«Педагогикалық ғылымдар» және «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету(медицина)» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүргізіледі.

52. Орта білім базасында университеттің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу түрі бойынша оқу мерзімі - **4 жыл**, колледж базасында - **3 жыл**.

53. Күндізгі оқу түрінде оқитын студенттерге оқу уақытында, ҚР Қарулы күштері қатарында қызмет ету мерзімдеріне мұрсат беріледі.

54. Оқуға түсушілер екінші деңгейдегі банктер беретін білім кредиттерін ресімдеген жағдайда, олар құжаттардың қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтама тапсырған кезде, оқуға түсушілер ҚҚЭУ студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және білім беру грантын ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден 4(төрт) аптадан аспайтын кезеңде, азамат оқуға қабылданға дейін төлеуге жататын соманы төлеу бойынша мұрсат беріледі.

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

55. Шет тіліндегі құжаттар нотариатпен куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен табыс етіледі.

Шет елдік білім беру ұйымдары берген білімі туралы құжаттар, тұлға оқуға қабылданғаннан кейін 1(бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық тәртібімен белгіленген нострификациялау рәсімінен өтеді.

56. ҚҚЭУ оқуға қабылданғаннан кейін 10(он) күнтізбелік күндер ішінде білім саласындағы уәкілетті органға университетке студенттер қатарына қабылдау бойынша қорытынды есеп береді.

57. Оқуға өтініштер қабылдау **2019 жылғы 20-шы маусымнан 25-ші тамызға дейін** жүргізіледі.

58. Студенттер қатарына қабылдау **2019 жылғы тамыздың 10-нан 25-не дейін** жүргізіледі.

59. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін 10(он) күнтізбелік күндер ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға студенттер қатарына қабылдау бойынша қорытынды есеп береді.

Университетке түсу үшін құжаттарды мына мекенжайға өзі жеке келіп тапсыру керек.

100009, Қарағанды қаласы, Академическая көшесі, 9. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің Қабылдау комиссиясы.

Анықтама үшін телефон 8(7212) 44-15-72.

Өзірлеген:

Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы



Е.А.Краснощекова


Келісілді:

Стратегиялық даму  
департаментінің директоры



С.А. Муликова

Академиялық даму  
департаментінің директоры



М.Т.Даниярова

Кәсіптік бағдар беру жұмыстары  
және қоғаммен байланыс  
орталығының директоры



Л.Х.Ивадилинова



**ҚҚЭУ - МИ - 94-2019**

Жоғары білім білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік Ережелеріне **1-қосымша** (2018ж.31қазан, №600 2019ж.14маусымда енгізілген өзгерістермен)

**Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі**

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалар топтарының атауы
<b>Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобы</b>	
V001	Педагогика және психология
V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
V003	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
V008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
V009	Математика мұғалімдерін даярлау
V010	Физика мұғалімдерін даярлау
V011	Информатика мұғалімдерін даярлау
V012	Химия мұғалімдерін даярлау
V013	Биология мұғалімдерін даярлау
V014	География мұғалімдерін даярлау
V015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
V017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
V019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандарды даярлау
V020	Арнайы педагогика бойынша мамандарды даярлау
V084	Мейірбике ісі
V086	Жалпы медицина
V087	Стоматология
V088	Педиатрия




ҚҚЭУ - МИ - 94-2019

**Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру  
бағдарламалар тобы**

V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау
V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
V021	Орындаушылық өнер
V022	Эстрада өнері
V023	Аспаптық орындау
V024	Музыкатану және өнертану
V025	Дәстүрлі музыка өнері
V026	Дирижирлеу және композиция
V027	Театр өнері
V028	Хореография
V029	Аудиовизуалды құрылғылар және медиаөндіріс
V030	Бейнелеу өнері
V031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн
V033	Дін және теология
V042	Журналистика және репортер ісі
V073	Сәулет
V092	Бос уақыт



	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

Жоғары білім білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік Ережелеріне **2-қосымша** (2018ж.31 қазан, №600 2019ж.14 маусымда енгізілген өзгерістермен)

### Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу формасы

Білім беру бағдарламалар топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалар топтарының атауы	Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу формасы
1	2	3
<b>Арнайы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобы</b>		
V001	Педагогика және психология	Педагогикалық ахуалды шешу
V002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық ахуалды шешу
V003	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық ахуалды шешу
V008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V013	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V014	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу
V017	Орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық ахуалды шешу



ҚҚЭУ - МИ - 94-2019

	мұғалімдерін даярлау		
V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу	
V019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандарды даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу	
V020	Арнайы педагогика бойынша мамандарды даярлау	Педагогикалық ахуалды шешу	
V084	Мейірбике ісі	Психометрикалық емтихан	
V086	Жалпы медицина	Психометрикалық емтихан	
V087	Стоматология	Психометрикалық емтихан	
V088	Педиатрия	Психометрикалық емтихан	
<b>Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобы</b>			
1	2	3*	4
V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене шынықтыру бойынша нормативтер
V006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындаушылық өнер	Жалпы музыкалық қабілеттілігін көрсету
OB007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)
V021	Орындаушылық өнер	Соло бағдарламасын орындау	Элементарлық музыка теориясы бойынша ауызша емтихан. Сольфеджиодан диктант
V022	Эстрада өнері	Эстрада вокалы. Аспапшылар үшін	Музыка теориясы



ҚКЭУ - МИ - 94-2019

		бағдарламасын орындау	бойынша ауызша емтихан және сольфеджиодан диктант
B023	Аспаптық орындаушылық	Соло бағдарламасын орындау	Гармония мен сольфеджиодан ауызша және жазбаша емтихан
B024	Музыкатуану және өнертану	Музыкал әдебиеті бойынша ауызша емтихан. Музыкалық тақырыптарды орындау. Жазбаша жұмыс:Өнертуындыларына жазбаша талдау жұмыс талдау және кинотеледраматургия бойынша эссе	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант Өнер тарихы бойынша ауызша емтихан.
B025	Дәстүрлі музыка өнері	Соло бағдарламасын орындау	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант. Этносольфеджио бойынша диктант. Жалпы музыкалық және ақындық қабілеттіліктерін көрсету.
B026	Дирижерлеу және композиция	Дирижерлеу және коллоквиум. Өз шығармаларын ұсыну және коллоквиум.	Гармония бойынша ауызша емтихан. Сольфеджио бойынша диктант
B027	Театр өнері	Актерлік шеберлік,	Би, вокал немесе



ҚҚЭУ - МИ - 94-2019

		сахналық тілі	коллоквиум
B028	Хореография	Орындаушылық шеберлігі	Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша практикалық жұмыс.
B029	Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	Практикалық жұмыс – павильонда және табиғатта түсіру. Режиссура бойынша жазбаша жұмыс.	Коллоквиум. Режиссура бойынша ауызша емтихан. Композиция.
B030	Бейнелеу өнері	Сурет, кескіндеме	Композиция
B031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн	Реферат немесе арт-жобаның таныстырылымы Сурет, кескіндеме.	Коллоквиум. Композиция немесе сызу.
B033	Дін және теология	Кәсіптік жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу	Дін негіздері бойынша ауызша емтихан
B042	Журналистика және репортер ісі	Шығарма	Кәсіптік жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу
B073	Сәулет	Сурет	Сызу
B092	Бос уақыт	Орындаушылық шеберлігі	Ұйымдастыру-қойылым жұмысының негіздері

\* қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «B029 - Аудиовизуалды құрылғылар және медиаөндіріс» білім беру бағдарламалары тобын қоспағанда



ҚКЭУ - МИ - 94-2019

3 қосымша

ҰБТ-ның бейінді пәндерін көрсетумен білім беру бағдарламаларының тізбесі

№	Білім беру саласының коды мен жіктелімі	Дайындық бағыттарының коды мен жіктелімі	Білім беру бағдарламалар тобының атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Бейінді пәндер құрастырымы	
					1 бейінді пән	2 бейінді пән
1	6ВО1 Педагогикалық ғылымдар	6ВО14 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерді даярлау	ВО08 Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	6ВО1401 Құқық және экономика негіздері	Дүниежүзі тарихы	География
2	6ВО1 Педагогикалық ғылымдар	6ВО14 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	6ВОО5 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6ВО1402 Спорттық менеджмент	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
3	6ВО3 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6ВО31 Әлеуметтік ғылымдар	ВО40 Саясаттану және азаматтық құқықтану	6ВО3101 Халықаралық қатынастар	Дүниежүзі тарихы	Шет тілі
4	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО44 Менеджмент және басқару	6ВО4101 Экономика	Математика	География
5	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО44 Менеджмент және басқару	6ВО4102 Менеджмент	Математика	География
6	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО45 Аудит және салық салу	6ВО4103 Есеп және аудит	Математика	География
7	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО46 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6ВО4104 Қаржы	Математика	География
8	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО44 Менеджмент және басқару	6ВО4105 Мемлекеттік және жергілікті басқару	Математика	География
9	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО47 Маркетинг және жарнама	6ВО4106 Маркетинг	Математика	География
10	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО44 Менеджмент және басқару	6ВО4107 Әлемдік экономика	Математика	География
11	6ВО4 Бизнес, басқару және құқық	6ВО41 Бизнес және басқару	ВО46 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6ВО4108 Бағалау	Математика	География



ҚКЭУ - МИ - 94-2019

12	6BO04 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO44 Менеджмент және басқару	6BO4111 Жобалау-инновациялық менеджмент	Математика	География
13	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO42 Құқық	BO49 Құқық	6BO4212 Юриспруденция: экономика саласындағы құқықтық реттеу	Дүниежүзі тарихы	Адам, қоғам, құқық
14	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO42 Құқық	BO49 Құқық	6BO4213 Кеден ісі	Дүниежүзі тарихы	Адам, қоғам, құқық
15	6BO5 Жаратылыс ғылымдары, математика және статистика	6BO52 Қоршаған орта	BO51 Қоршаған орта	6BO5201 Экология	Биология	География
16	6BO6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6BO61 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	BO57 Ақпараттық технологиялар	6BO6101 Ақпараттық жүйелер	Математика	Физика
17	6BO6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6BO61 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	BO57 Ақпараттық технологиялар	6BO6102 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Математика	Физика
18	6BO6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6BO61 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	BO57 Ақпараттық технологиялар	6BO6103 IT-Аналитика	Математика	Физика
19	6BO07 Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары	6BO72 Өндірістік және өңдеуші салалар	BO68 Тамақ өнімдерінің өндірісі	6BO7201 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	Биология	Химия
20	6BO7 Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары	6BO75 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалары бойынша)	BO76 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалары бойынша)	6BO7502 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалары бойынша)	Математика	Физика
21	6B10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету	6B102 Әлеуметтік қамтамасыз ету	BO90 Әлеуметтік жұмыс	6B10201 Әлеуметтік жұмыс	Биология	География
22	6B11 Қызмет көрсетулер	6B111 Қызмет көрсету саласы	BO91 Туризм	6B11101 Туризм	География	Шет тілі




Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі

**11 нұсқа  
2019ж.**

**ҚҚЭУ - МИ - 94-2019**

23	6В11 Қызмет көрсетулер	6В111 Қызмет көрсету саласы	ВО93 Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі	6В11102 Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі	География	Шет тілі
24	6ВО11 Қызмет көрсетулер	6В113 Көлік қызмет көрсетулері	ВО95 Көлік қызмет көрсетулері	6В11303 Логистика	Математика	География

	Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі	<b>11 нұсқа 2019ж.</b>
	<b>ҚҚЭУ - МИ - 94-2019</b>	

**4 қосымша**

**ҰБТ жалпыкәсіптік және арнайы пәндерін көрсетуімен  
білім беру бағдарламаларының Тізбесі  
(қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім білім беру  
бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін)**

№	Білім беру саласының коды мен жіктелімі	Дайындық бағыттарының коды мен жіктелімі	Білім беру бағдарламалар тобының атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Бейінді пәндер құрастырымы	
					Жалпы кәсіптік пән	Арнайы пән
1	6BO1 Педагогикалық ғылымдар	6BO14 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	BO08 Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	6BO1401 Құқық және экономика негіздері	Педагогика және психология негіздері	Құқық және экономика негіздері
2	6BO1 Педагогикалық ғылымдар	6BO14 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	BO05 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6BO1402 Спорт менеджменті	Шығармашылық емтихан	Педагогикалық ахуалды шешу
3	6BO3 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6BO31 Әлеуметтік ғылымдар	BO40 Саясаттану және азаматтық құқықтану	6BO3101 Халықаралық қатынастар	Қазақстан тарихы	Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың негіздері (философия, мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану негіздері)
4	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO44 Менеджмент және басқару	6BO4101 Экономика	Экономика негіздері	Менеджмент
5	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO44 Менеджмент және басқару	6BO4102 Менеджмент	Экономика негіздері	Менеджмент
6	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO45 Аудит және салық салу	6BO4103 Есеп және аудит	Қаржы және несие	Ұйым экономикасы
7	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO46 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6BO4104 Қаржы	Қаржы және несие	Ұйым қаржылары
8	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO44 Менеджмент және басқару	6BO4105 Мемлекеттік және жергілікті басқару	Экономика негіздері	Менеджмент





ҚҚЭУ - МИ - 94-2019

9	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO47 Маркетинг және жарнама	6BO4106 Маркетинг	Экономика негіздері	Маркетинг
10	6BO04 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO44 Менеджмент және басқару	6BO4107 Әлемдік экономика	Экономика негіздері	Менеджмент
11	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO41 Бизнес және басқару	BO46 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6BO4108 Бағалау	Қаржы және несие	Ұйым қаржылары
12	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO42 Құқық	BO49 Құқық	6BO4212 Юриспруденция: экономика саласындағы құқықтық реттеу	Мемлекет және құқық теориясының негіздері	ҚР Азаматтық құқығы
13	6BO4 Бизнес, басқару және құқық	6BO42 Құқық	BO49 Құқық	6BO4213 Кеден ісі	Мемлекет және құқық теориясының негіздері	ҚР Азаматтық құқығы
14	6BO5 Жаратылыс ғылымдары, математика және статистика	6BO52 Қоршаған орта	BO51 Қоршаған орта	6BO5201 Экология	Химия	Биология
15	6BO6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6BO61 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	BO57 Ақпараттық технологиялар	6BO6101 Ақпараттық жүйелер	Математика	Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері
16	6BO6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6BO61 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	BO57 Ақпараттық технологиялар	6BO6102 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Математика	Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері
17	6BO6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6BO61 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	BO57 Ақпараттық технологиялар	6BO6103 IT-Аналитика	Математика	Алгоритмдеу және бағдарламалау негіздері
18	6BO7 Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары	6BO72 Өндірістік және өңдеуші салалар	BO68 Тамақ өнімдерінің өндірісі	6BO7201 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	Химия	Микробиология
19	6BO7 Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары	6BO75 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалары бойынша)	BO76 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалары бойынша)	6BO7502 Стандарттау, асертификаттау және метрология	Физика	Стандарттау
20	6B10 Денсаулық сақтау және	6B102 Өлеуметтік қамтамасыз ету	BO90 Өлеуметтік жұмыс	6B10201 Өлеуметтік жұмыс	Қазақстан тарихы	Өлеуметтік мекемелердің жұмысын



Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіне 2019 жылғы оқуға қабылдау ережесі

11 нұсқа  
2019ж.

ҚҚЭУ - МИ - 94-2019

	әлеуметтік қамтамасыз ету					ұйымдастыру
21	6В11 Қызмет көрсетулер	6В111 Қызмет көрсету аясы	ВО91 Туризм	6В11101 Туризм	География	Туристік қызметін ұйымдастыру
22	6В11 Қызмет көрсетулер	6В111 Қызмет көрсету аясы	ВО93 Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі	6В11102 Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі	Қазақстан тарихы	Мейрамханала рда және қонақ үй шаруашылықта рында қызмет көрсетуді ұйымдастыру
23	6В11 Қызмет көрсетулер	6В113 Көлікпен қызмет көрсету	ВО95 Көлікпен қызмет көрсету	6В11303 Логистика	Физика	Еңбекті қорғау